

**«Вето құқығы: Қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты
тақырыптағы философия докторы (phd) дәрежесін алу үшін
дайындалған Бискультанова Альбина Маuletказыевнаның
диссертациясына берілген**

ПІКІР

Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құқықтық дамуында әлі де болса, жүйелі түрде өз шешімін таба қоймаган өзекті мәселелер барсылық. Солардың қатарында, мемлекеттік билік органдарының арасындағы құқықтық қатынастарды белгілі бір тиімді жүйеге келтіру болып табылады. Қазақстан Республикасында Президент пен Парламенттің ортасындағы құқықтық қарым-қатынастарда қазіргі таңда жаңа негіздерге сүйеніп жүзеге асуға бағыт алуша. Бұл аталған мемлекеттік органдардың өзара қатынастарын тере-теңдікпен теңгермешілік қагидасы негізінде қайта қарауды талап стеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Парламентке, оның ішінде, оның заң шығару процесіне ықпал етуші механизмдерінің бірі, «Вето құқығы» болып табылады. Вето құқығы ежелгі Римнен осы күнгі дамыған елдердің тәжірибесіне түрленіп, толығын жетіп отырған құқықтық институттың бірі.

Отандық заң ғылымиында, осы уақытқа дейін вето құқығын ариайы кешенді тұрғыда зерттеген жұмыстар жоқ. Осы тұрғыдан алыш қарағанда, докторанттың ұсынып отырған жұмысы өте өзекті және дер кезінде туып отырған зерттеу жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс ғылыми негізді үлкен үш болімді қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың бірінші болімі: «Вето құқығы институттың пайда болуы және қалыптасуы», - деп аталады. Бұл болімде: вето құқығының тарихи-құқықтық эволюциясы, вето құқығының қазіргі таңда саяси-құқықтық институт ретіндегі түсінігі және ерекшеліктері, вето құқығының негізгі түрлері қарастырылады.

Екінші болім: «Вето құқығының Қазақстанда қолданылу тәжірибесі», - деп алғынған. Аталған болімде, Қазақстан Республикасы президентінің вето құқығы, вето құқығын қолданудың құқықтық процедурасы, вето құқығын еңсерудің құқықтық тетігі деп үш тараушаға болініп, әрқайсысы жеке-жеке талданып, кеңінен ашылып тарқатылған.

«Вето құқығын қолданудың шетелдік тәжірибесі және халықаралық стандарттары», - деп аталатын үшінші болім, мынадай торт болімшеге болінген: ТМД мемлекеттеріндегі вето құқығын қолданудың тәжірибесі, Еуропалық Одақтағы вето құқығын қолданудың тәжірибесі, вето құқығын АҚШ пен Латын Америкасында қолданудың құқықтық негіздері, вето құқығы халықаралық-құқықтық институт ретінде талданған.

Диссертациялық жұмыста, докторант Қазақстандық белгілі ғалымдардың тақырыпта қатысты еңбектерін сарпа пайдаланған. Вето құқығымен айналысушы шетелдік ғалымдардың, оның ішінде ресейлік

галымдардың еңбектері де кеңінен қарастырылған. Вето құқығының зерттелу деңгейіне келетін болсақ, вето құқығын ресейлік галымдар кеңінен зерттегені көрініп отыр. Сондықтан да, жұмыста бұл мәселеңдегі Ресей галымдарының еңбектеріне ерекше мән берілген.

Сөз соңында айтарым, «Вето құқығы: қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты тақырыптағы философия докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайындалған Бискультанова Альбина Маулетказыевианың диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және ашық қоргауга, шыгаруга толық тұратын зерттеу жұмысы болып табылады.

Пікір берген ғылыми кеңесшісі:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰЗУ-дің

мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,

конституциялық және әкімшілік құқық

кафедрасының доценті, з.ғ.к.,

Ахатов У.А.

